ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 шілде №5165-25-00-2/917 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КАСПАРС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Garant Development Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Б. Сейфолла
талап қоюшы өкілдері И. Джундибаев, Б. Бортбаев
жауапкер өкілі Ж. Кудебаев, А. Түменбай
үшінші тұлға өкілі Д. Анартаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) мен «КАСПАРС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 29 қазанда жалпы сомасы 57 090 880 теңгені құрайтын «Автомобиль жеңіл минивен классы» сатып алу бойынша №131 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды шарт күшіне енген сәттен бастап 60 күн ішінде, яғни 29 желтоқсан 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған. Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2024 жыл.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюдың негізсіздігі туралы қарсы пікір түскен.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт талаптары орындалмауына байланысты талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотта талаппен келіспей, шарт бойынша екі дана автокөлікті уақтылы жеткізуге бар шараларды қолданғандарын, алайда Қазақстанға «Hyundai» автокөлігін жеткізуші диллер компания аталған автокөлікті уақтылы жеткізе алмағанын көрсетіп, осы мән-жайларды форс-мажор деп танып, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сотта «Garant Development Services» ЖШС-і өкілі аталған компания «Hyundai Auto Kazakhstan» ЖШС-нің Қазақстан Республикасына «Hyundai» автокөлігін жеткізуші уәкілетті диллер компаниясы болып табылатынын, 23 қыркүйек 2024 жылы жауапкер «КАСПАРС» ЖШС-і 3-дана «Hundai Staria» автокөлігіне тапсырыс беріп, араларында 28 қараша 2024 жылы автокөлікті сатып алу шарты жасалғанын, алайда аталған көліктер мерзімінен кешігіп келетіні туралы жауапкерге 12 желтоқсан 2024 жылы хабарлама бергендерін. Содан аталған көліктер 20 қаңтар 2025 жылы ғана қоймаларына жеткізіліп, көліктерді 2025 жылы ақпан айының 5-10 жұлдызына дейін ұстап отырғандарын, алайда жауапкер «КАСПАРС» ЖШС-і өкілдері келіп алмаған соң, көліктерді сатып жібергендерін көрсетті.

Прокурор талапты қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағына сәйкес, 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, тараптар арасында 2024 жылғы 29 қазанда жалпы сомасы 57 090 880 теңгені құрайтын «Автомобиль жеңіл минивен классы» сатып алу бойынша №131 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды шарт күшіне енген сәттен бастап 60 күн ішінде, яғни 29 желтоқсан 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған. Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2024 жыл.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелерді қабылдайды.

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың ажырамас бөлігі осы шарт, лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша) және техникалық ерекшелік (№2 қосымша) болып табылады.

Конкурстық құжаттамаға №2 қосымша сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес «Автомобиль жеңіл минивен классы» 2 дана.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес, осы баптың 1-тармағында көзделген, орналастырылатын ақпаратта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді.

Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді.

Алайда, жауапкермен міндеттемелер орындалмағаны анықталды.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер 2024 жылдың 31 желтоқсанынан бастап шарттың әрекет ету мерзімі аяқталуына байланысты тоқтатылған.

Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде орындауға міндетті болған.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Яғни, жауапкер тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте жеткізу жөніндегі міндеттемесін орындамаған, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Осылайша тапсырыс берушімен тауар жеткізілмеген және бүгінгі таңда тауарды қабылдау актісіне қол қойылмаған.

Яғни, жауапкердің шарт талаптарын орындамауынан талап қоюшы қажетті тауарын алмаған және сатып алу жоспары жүзеге асырылмаған.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

Сот, жауапкер өкілінің тауарды жеткізуге бар шараларды қолданғаны, алайда «Hyundai» автокөлігін жеткізуші диллер компания көліктерді уақтылы жеткізе алмағаны, бұл мән-жайларды форс-мажор деп тану жөніндегі уәжін негізге алмайды, өйткені жоғарыда аталған Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының талабына сәйкес, Шарт шеңберінде тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс деген талабын негізге алып, басқа көліктерді ұсынғаны және тауарды жеткізу мерзімінен кешіккені бойынша тапсырыс берушіге шарттың орындалу мерзімін ұзарту жөнінде хатпен жүгінгені немесе аталған көліктерді мерзімінен кешіктіріп болса да оларды тапсырыс берушіге қабылдауға ұсынғаны жөнінде қандай да бір дәлелдемелер сотқа ұсына алмады.

Бұл мән жайлар «Garant Development Services» ЖШС-і өкілінің 23 қыркүйек 2024 жылы жауапкер «КАСПАРС» ЖШС-і 3-дана «Hundai Staria» автокөлігіне тапсырыс беріп, араларында 28 қараша 2024 жылы автокөлікті сатып алу шарты жасалғаны, аталған көліктер 20 қаңтар 2025 жылы қоймаларына жеткізіліп, көліктерді 2025 жылы ақпан айының 10 жұлдызына дейін ұстап отырғандарын, алайда жауапкер «КАСПАРС» ЖШС-і өкілдері келіп көліктерді алмаған соң, аталған көліктерді сатып жібергендерін көрсеткен жауабымен бекітіледі.

Яғни, жауапкер шартқа тұрған кезде тауарды толық жеткізу жөнінде міндеттеме алып кәсіпкерлік тәуекел жасаған, алайда шарттың талаптарына сәйкес жауапкер тарапынан тауарды тапсырыс берушіге жеткізгені жөнінде дәлелдемелер ұсынылмады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Сотта тараптардан қаралып зерттелген дәлелдемелерден басқа дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандыруға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші мердігерден ол міндеттемелерін толық орындамаған

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 57 090 088 теңге х 0,1% = 2 күнге = 114 181 теңге (2024 жылдың 30 мен 31 желтоқсан аралығына) өндіруді сұраған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 2024 жылғы 29 қазанда жалпы сомасы 57 090 880 теңгені құрайтын «Автомобиль жеңіл минивен классы» сатып алу бойынша №131 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды шарт күшіне енген сәттен бастап 60 күн ішінде, яғни 29 желтоқсан 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, аталған Шарт қазынашылық органында 30 қазан 2024 жылы тіркелген, яғни Шарт осы кезде күшіне енген. Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2024 жыл.

Сот, талап қоюшының шарттың жалпы сомасынан 0,1 % көлемінде есептеген есебімен келіспейді, өйткені сотта анықталғандай аталған Шарт 30 қазан 2024 жылы күшіне енген.

Сондықтан, Шарт бойынша 57 090 088 теңге х 0,1% = 1 күнге = 57 090 теңге (31 желтоқсан 2024 жылға) тұрақсыздық айыппұл есептеуге жатады.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «КАСПАРС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «КАСПАРС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 57 090 (елу жеті мың тоқсан) теңге тұрақсыздық айыппұл, 3 678 (үш мың алты жүз жетпіс сегіз) мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.07.2025

Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы - Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы
«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»